

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
«Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени
Курмангазы»
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан

ЕСЕП

ОТЧЕТ

25.06.2025

дата

Алматы қ.

№ 50 - 03 - 2025

г. Алматы

Бекітемін
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерватория» ректорының ғылыми-
шығармашылық қызметі мен
халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі проректор
Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Нусупова А.С.



» 06 2025 жыл

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
СТУДИЯЛЫҚ ДЫБЫС ЖАЗУ БӨЛІМІ

Дайындалды:			
Студиялық дыбыс жазу бөлімінің басшысы		Н. Носенко	25.06.25
Келісілді:			
Сапа менеджмент, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы		Сарымсакова А.С.	25.06.25
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

Дыбыс жазу студиясы бөлімі мен Консерваторияның концерттік-шығармашылық қызметті ұйымдастыру қызметі бірлесе отырып, жалпы саны **221 іс-шара** өткізді. Оның ішінде 2025 жылдың маусым айының соңына дейінгі мәлімет бойынша:

Месяц	Количество концертов
Қыркүйек	2
Қазан	16
Қараша	36
Желтоқсан	16
Ақпан	18
Наурыз	25
Сәуір	33
Мамыр	23
Маусым	7
ИТОГО:	176

Концерт - 176

Фестиваль - 2

Шеберлік сабақтары - 28

Конференция - 3

Республикалық студенттік пәндік олимпиада

2024–2025 оқу жылында студенттердің шығармашылық бастамаларын дамытуға және консерваториядағы мәдени орта мен көркем атмосфераны нығайтуға бағытталған 176 іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, әртүрлі өнер және сахналық бағыттарды қамтитын 3 флешмоб, 2 фестиваль және 28 шеберлік сабағы өткізілді.

Дыбыс жазу студиясы 3 ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыруға белсенді қатысып, Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу және техникалық сүйемелдеу ісіне атсалысты.

Бұл оқу жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдық мерейтойын атап өту аясында өтті.

Мерейтой аясында 10 күндік марафон ұйымдастырылып, оның шеңберінде 21 концерт, 12 шеберлік сабағы мен шығармашылық кездесу, 2 дөңгелек үстел, 1 конференция өтті – барлығы шамамен 40 іс-шара.

Марафонның қорытындысы ретінде Консерваторияның Үлкен залында арнайы дайындалған жаңа концерттік нөмірлермен гранд-финал өткізілді.

11 сәуірде консерватория базасында Түркі халықтарының музыкалық мәдениетіне арналған "Музыкалық түркология бүгін: мәселелері мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл шара Түркі халықтарының музыкасы тақырыбында өткен алғашқы халықаралық симпозиумның 30 жылдығына арналды.

Пленарлық отырыс А. Жұбанов атындағы Кіші зал фойесінде өтіп, ZOOM платформасы арқылы онлайн қосылыммен қатар жүргізілді. Конференция күні мерекелік концертпен аяқталып, онда түрлі елдердің солистері, ансамбльдері мен орындаушылары ұлттық нақыштағы дәстүрлі музыканың ерекшелігін паш етті.

Есеп	Дыбыс жазу студиясы бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		4 беттің 2 беті

2025 жылғы сәуір айында консерваторияда екі ірі фестиваль өтті:

- "Ұлы дала үні" атты бірінші халықаралық вокалды-хор фестивалі 16–18 сәуір аралығында өтті. Қазақстанның әр өңірінен келген жетекші хор және вокалдық ансамбльдердің қатысуымен бұл фестиваль орындаушылық шеберлікті паш етуге, шығармашылық байланыстар орнатуға зор мүмкіндік берді.
- "Көне аспаптар шеруі" атты дәстүрлі музыкалық аспаптар фестивалі 22–23 сәуір күндері өтті. Аясында шеберлік сабақтары, шығармашылық кездесулер және екі концерт ұйымдастырылды. Фестиваль А. Жұбанов атындағы Кіші залда салтанатты түрде ашылып, басты шаралары ретінде Үлкен залда өткен "Сыбызғы сыры" концерті мен гала-концертпен аяқталды.

Дыбыс жазу студиясының қызметі аясында архивтік дыбыстық қорды сандық форматқа көшіру мен қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды. Әсіресе, өткен жылдардағы сирек жазбаларға ерекше назар аударылып, бүлінген жерлері қолмен жамалып, дыбыс сапасы калибрленіп, олар цифрлық тасымалдағыштарға көшірілуде. Бұл материалдар әрі қарай білім беру және ғылыми мақсаттарда пайдалануға арналған.

Қалпына келтірілген жазбалардың қатарында қазақстандық және шетелдік композиторлардың шығармалары, академиялық, фольклорлық және симфониялық музыкалар, сирек кездесетін күйлер, опералар, кантаталар, симфониялар мен камералық туындылар бар.

Авторлар, шығармалар атауы, орындаушылар және тасымалдағыш күйі бойынша ақпаратты қамтитын электронды каталог жасалып, жүйеленуде.

Фоноархивті сақтау жұмыстары – бұл музыкалық ғылымға қосылған үлес қана емес, сонымен қатар ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін және қазақ музыкалық өнерінің түпнұсқа дереккөздеріне қолжетімділікті арттыратын маңызды мәдени-тарихи жоба.

Есеп	Дыбыс жазу студиясы бөлімі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		4 беттің 3 беті

SWOT АНАЛИЗ

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Консерватория брендіне деген сенім мен бедел; - Білікті мамандар; - Кәсіби дыбыс жазу студиясы; - Медиатека қорының болуы; - Музыканың жаңа жанрларын меңгеру (мысалы, фильмдер мен мультфильмдерге арналған саундтректер жасау)	- Заманауи дыбыс жазу жабдықтарының, акустикалық талаптарға сай дайындалған студия мен жайлы орта жоқтығы; - Үздіксіз оқыту мен дамудың қажеттілігі: индустрия талаптарына сай болу үшін білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру қажет
Қауіп	Мүмкіндіктер
- Форс-мажор жағдайлар (өрт, су тасқыны және т.б.); - Әкімшілік кедергілер; - Жоғары білікті мамандардың «ағып кетуі» (яғни, басқа жерге кетуі)	- Халықаралық тәжірибе алмасу бойынша ынтымақтастық; - Жаңа орындаушылар және продюсерлермен серіктестік